

Ж.А. Құсайынова
ф.э.к., С. Сейфуллин ат.Қазақ
агротехникалық университеті, Астана қ.

КОНТЕКСТІК СЕМАНТИКА ЖӘНЕ МОДАЛЬДІ РЕҢК ТУДЫРУШЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ АМАЛДАР ҚЫЗМЕТІ

Модальді реңк тудырушы грамматикалық амалдардың қызметі контекстік семантикаға тәуелді болады. Лексикалық амалдар, интонация, логикалық екпін түскен синтаксистік бірліктер, өзара мазмұндас келген жай сөйлемдер қызметі контекстік семантикаға сәйкес бір-бірімен ішкі байланыста қозғалып, түрлі модальді реңкті ажыратуға тірек болады. Модальділікке қатысы жағынан грамматикалық тәсілдер қозғалмалылығымен, түрленуге бейімділігімен, омонимдік қызметімен дараланады. Бір ерекшелігі мұндай құрылымдарда модальді реңк бір тәсілмен жалқыланбай, тұтас мәтіндегі грамматикалық амалдардың кешенді байланысынан сараланады. Сондықтан, модальді реңкке қатысты сипатталғанда, грамматикалық амалдардың нақты қызметі, атқарар міндеті құрылым соңында ғана белгілі болады. Өйткені модальді реңк тудырушы грамматикалық амалдардың қызметі мағыналық байланысқа бағынған құрылымдық сабақтастықты сақтауды қажет етеді.

Астарлы салыстыру, субъекті болжамының сәйкес келмеуі, контекстік антонимдердің белсенділігімен дараланған күдіктену реңкінің қалыптасуын, грамматикалық амалдардың бір-біріне әсер ету заңдылығын төмендегі үзіндіден айқындаймыз. Мұнда белгілі мақсатпен қолданылған антитезалық құрылымдардың ерекше интонациялық жікпен айтылуы күдіктену реңкін бекіткен.

Мысалы: «Бағана ең алғаш желге қарап бет белгілегенде, Шәкемен дауласқан Баймағанбет енді мынау тұста өзінің күдігіне нығая түседі. Әрбір жыра, шұқанақ немесе өзенсымақ өңірлермен жол жүрген сайын сол күдігін айтады.

- Жердің қыртысы Ерболат Қарасуының атырабына ұқсамайды. Оның күнгейі мен күншығыс жағында келе жатсақ, біз ақ отты адырмен, тасты төбелерімен я болмаса тегіс сары жотамен жүрсек керек еді. Мынаның бәрі қайта-қайта бұлақ, өзен, өлке боп, тоңашалы, балқаш боп кетті. Осы біз адастық. Ал адассақ, қатты теріс кеттік!- деді (М.Әуезов). Егер контекстегі антонимдік құрылымдардың жігін бөліп қолдансақ, күдіктену реңкін ажыратуға мүмкіндік болмас еді. Алдыңғы қарама-қарсы мағыналы қолданыстар «Осы біз адастық. Ал адассақ, қатты теріс кеттік!» сөйлемдеріндегі күдікті ойды нақтылаушы қосалқы

қолданыстар ретінде көзге түседі. Бұдан тілдік бірліктердің мағыналық - құрылымдық байланысын сақтай отырып талдаудың қажеттілігін аңғарамыз.

Мағыналық байланыстағы сөйлемдердің ішкі бірлігінен айқындалатын модальді реңкті төмендегі үзіндімен де толықтыруға болады.

Тәкежан бұл жерге келгенде, ерегістен амалсыз тайқып кетті. Тегінде, үлкен жанжалға тауаны жоқ, бұдырсыз болатын. Әкеге шағым жеткізу алыс та қиын. Айтқанын мақұл көре қоя ма, жоқ па? Онысы тағы екіталай. Ал мынау Абай сүйенген «әже» деген - әлдеқайда қатер жер (М.Әуезов). Мысалдардан аңғарғанымыздай, сөйлемде бірыңғай болымсыз реңктің көрініс беруі субъектінің сенімсіздігін анықтауға сеп болып, модальді реңкті түрлендіру қызметін атқарған. Болымсыз реңктің әр түрлі амалмен көрініс беруі үзіндіде модальді реңкті күшейте түскен. Яғни, екінші сөйлемнен бастап «тауаны жоқ, бұдырсыз болатын» қолданыстары шыдамсыз, әлсіз сөздерінің орнын басып, болымсыз реңктің есім сөздер арқылы жасалуын ауыстырса, үшінші сөйлемде «алыс та қиын» қолданыстары, «оңай емес» тұлғаларын ауыстырып, төртінші сөйлемде болымсыздық реңк «мақұл көрмес» формаларының қызметінде жанданып, осы сөйлемдердің бірлігінен, тұтас контекстке тән модальді реңк ажыратылған. Контекстегі мұндай модальді реңктер сөйлемдерді бірлікте қараған жағдайда толық мазмұнда саралана түседі. Бұл ерекшеліктер контексте атқарған функциясы жағынан құрылымдық - мазмұндық байланыстағы, бір-біріне тәуелді қолданыстар арқылы жүзеге асады.

Контексте грамматикалық амалдар ішкі мағыналық байланысты қатаң сақтап, бірін-бірі толықтыру, астарлы модальді реңкті күшейту, тереңдету қызметін атқарады.

Ойымызды төмендегі үзіндіде қолданылған сөйлемдермен бекітуге болады. Субъекті бойындағы қасиеттерді салыстыра көрсеткен «Сен екеуіміз атқа жүруге мықты болушы ек. Бірақ даңғыл қара жол болса, бетті түзеп қойып, әйтеуір, «құдай салды, мен көндім» деген ұзақ сонар, қара жортуылға тәуір едік. Болмаса күздің айсыз қараңғы түнінде адаспай жол тауып көрген өнеріміз жоқ еді-ау, ә!» сөйлемдері соңғы сөйлемдерде орын алған модальді реңкті күшейте көрсетуге тірек болған. «Енді қысқы ақ боранда, жолсызда, шүйкедей жалғыз қосты табатын біз бе?» сөйлемі субъектінің сенімсіз көзқарасын дараласа, «Мен шынға келсем, мынау құдайдың қу даласында сол қосты табу қалың шөптің арасына түсіп кеткен инені табудан оңай деп тұрғаным жоқ» сөйлемі тағы да контекстегі сөйлемдердің аралық байланысынан дараланатын сенімсіздік модальды реңкін күшейту қызметін атқарған. Бірнеше сөйлемнің жиынтығынан айқындалатын модальді реңктің контекстегі көрінісін төмендегі үзінді арқылы жүйелейміз. Мысалы: Бірақ әр кезде сабырлы Ербол қазіргі талып, қажудың үстінде де Абайға бір қалжың айтты.

- Сен екеуміз атқа жүруге мықты болушы ек. Бірақ даңғыл қара жол болса, бетті түзеп қойып, әйтеуір, «құдай салды, мен көндім» деген ұзақ сонар, қара жортуылға тәуір едік. Болмаса күздің айсыз қараңғы түнінде адаспай жол тауып көрген өнеріміз жоқ еді-ау, ә!. Енді қысқы ақ боранда, жолсызда, шүйкедей жалғыз қосты табатын біз бе? Мен шынға келсем, мынау құдайдың қу даласында сол қосты табу қалың шөптің арасына түсіп кеткен инені табудан оңай деп тұрғаным жоқ. Сенің озған өнерің болса, өзің білесің!- деді (М.Әуезов).

Мұндай жағдайда тілдік бірліктердің маңызын Т.М.Королева: «Не являясь структурной единицей языка, модальность не может быть однозначно соотнесена с жестко фиксированным инвентарем средств, предназначенных исключительно для выражения тех или иных модальных значений. Языковая модальность, выступая в каждом конкретном случае речевого акта в качестве носителя одного из аспектов модальности как понятийной категории, опирается в своей выражении на элементы различных средств передачи информации», - деп ажыратқан (1,14).

Келесі мысалда субъектінің сенімсіздігі «Қайда кімнің ауылы бар екенін білмеймін... Осы тұста, дәл осы біз келе жатқан өзекке, соңғы жылдар Мотыштың бір әлді ауылдары да қыстау салды деп еді... Соның біріне кездесеміз бе?...» үш сөйлемнің мағыналық байланысынан айқындалған. Бұл сөйлемдердің модальді реңк үстеуі бірдей дәрежеде. Бірінші сөйлемдегі болымсыз етістіктер, екінші сөйлемдегі «салды деп еді» етістік тұлғалары (ақпараттың шығу көзі басқа субъектіге қатысты), үшінші сөйлемдегі сұраулы шылаулар субъектінің сенімсіздігін нақтылаған. Үш сөйлемнің бірлікте қолданылуынан астарлы модальді реңк дараланған. Мысалы: Ендігі барыста Ербол Абылғазының бұларды қай жерге апаратыны, қандай ниеті барын сұрап еді. Абылғазы барлық топты тосып, біраз иіріп тұрды да:

...Қайда кімнің ауылы бар екенін білмеймін. Осы тұста, дәл осы біз келе жатқан өзекке, соңғы жылдар Мотыштың бір әлді ауылдары да қыстау салды деп еді. Соның біріне кездесеміз бе?... Әйтеуір, бүгін түн жылы жерге жеткізіп, өздеріне жан шақыртсам! –деген (М.Әуезов).

Контекст аясындағы диалогтық құрылымдарда контекстік семантикаға негізделген бір тақырыптағы, бір мазмұндағы іс-әрекет баяндалса, бір-біріне іліктесе айтылған **хабарлы сөйлемдер** құптау реңкін айқындауға үлес қосады. Мысалы: «Мәмбетәлінің мына әңгімесін ертегідей тындаған Ақан мен Ыбырай қазақ жерін мекен еткен басқа жұрттың тарихынан көп мағлұмат алып, терең ойға қалды. Делбесін бос тастап, оқыған жігіттің аузына қарап, ұйыған Ыбырай аттардың аяңға түскенін де аңғармапты.

- Сонда, әлгі суына дейін аппақ бал екен деп, алыстан арып ашып келіп жатқан беливатшылардың құдды біздің Жерұйықты іздеген Асан қайғылар ғой,- деп еді Ыбырай.

- Өзіміз аса бағаламаймыз, әйтпесе, нағыз Жерұйық деген осы біздің қазақ жері шығар,- деп Ақан да қостады.

- Бұл әлі жердің үсті - шөбі, топырағы, суының құнарлығы ғана. Жер астының байлығын қазір орыс оқымыстылары, ағылшын сұғанақтары тексеріп жатыр, керемет қой. Тұнып тұрған кен. Ұшантеңіз байлық!» (С.Жүнісов).

Қангелді төбе үстіне шығып тоқтағанда таяу кеп сәлем берді.

Қарашаның қара суығы түсе бастапты-ау, - деді Қангелді Есжанның сәлемін алған соң, мойнын күншығысқа бұрып. – Түнде ай төбеге көтерілгенде, қораланып тұрып еді, қарашы енді күн де жылусыз, ызғарлана көтеріліп келеді. Көзінді ашып тіке қарасаң, жанарыңды жасытатын емес.

- Түнгі қырау да күннен-күнге қалыңдап барады,- деп қостады Есжан Қангелді сөзін (Ж.Тұрлыбаев).

- Біздің Отан қорғаған еңбегіміз ескерусіз қалмас.

- Шынында да соғыс біткесін, майданда болған адамдарға ерекше құрмет болу керек қой (Т.Ахтанов).

Субъекті аралық сөйлемдерде бір-біріне мазмұндас, бір-бірін толықтыратын ой айтылған. Мұндай құрылымдар айтылыстың модальді реңкін күшейтіп, құптау реңкін нақтылай түседі. Тіпті мазмұндас сөйлемдерде модальді реңкті активтендіретін негізгі амалдардың қолданылуы да қажет етілмейді, субъекті аралық сөйлесімде сөйлемдер бір мазмұндағы ойды дамытады. Нақтылау, толықтыру, сараптау реңктерінің астарынан тұтас құрылымға тән құптау модальді реңкі ажыратылады. Бұл мысалдардан контекстік семантикаға бағынғанда, модальді реңктің жасалу тәсілдері де кеңейіп, толығы түсетіндігін аңғарамыз.

Кейбір хабарлы сөйлемдердің модальділікке қатысы тек контекстен белгілі болады. Төмендегі мысалда дараланған хабарлы сөйлем осы сипаттағы құрылымдарға жатады. Мұндай жағдайда контекстегі ішкі семантикаға сәйкес интонация бірліктері сөйлемнің айтылу сазын реттейді. Мысалы: Басқалар Сәбитжанның судырағына бастарын шайқап, таңдайларын қағып қойып, ашықтан-ашық күліп отырды, сөйтсе де құлақ салып тыңдасады ... Солайы солай-ау, бірақ Едіге шыннан шошиын деді: **«Мына біздің байғыз бекер сұңқылдап отырған жоқ...»** - деп қойды ішінен (Ш.Айтматов). Үзіндіде соңғы хабарлы сөйлемнің модальді реңк үстеуші грамматикалық амал ретінде даралануы алдыңғы сөйлемдердің әсер етуімен байланысты ажыратылады. Контексте сипаттауды қажет ететін көрсетілген хабарлы сөйлемнің интонациясы контекстегі басқа грамматикалық бірліктердің мағынасына сабақтаса қалыптасып, күдіктену реңкін орнықтырған.

С.И.Ибрагимова мұндай тәсілдердің бірлікте қолданылуына токтала келе, «Модальность в условных комплексах французского и

азербайджанского языков» атты еңбегінде: «Модальность, как известно, находит свое выражение в комплексе языковых средств по всем уровням того или иного языка. Употребление различных языковых средств для выражения категории модальности является свидетельством взаимосвязанности и взаимообусловленности всех уровней языка, направленных на реализацию определенных коммуникативных целей, что в данном случае выступает, как блестящая иллюстрация системного характера языка в плане функционирования категории модальности. С этой точки зрения исследование модальности во всей совокупности языковых средств ее выражения приобретает особую важность в определении и понимании модальной сущности предложения» - деген түсінік береді (2,4).

Кейбір контексте хабарлы сөйлем келер шақтық етістіктердің үстемеленіп қолданылуы арқылы түрленіп, модальді реңктің тууына сеп болады. Бұндай хабарлы сөйлемдердің модальді реңк үстеуі контекстік салыстыруды қажет етеді.

Тағы біраз тым-тырыс бола қаламыз. Осы кезде өксік қылып, солқ ете қалған Салика дыбысы естіледі.

- Саспа, Салика,- дейді Жомартбек алақанын бипаздай сипап,- «Бәрі өтеді, бірі өзгереді» деп мен емес, Гераклиттің өзі айтқан. Ендеше бұл да өзгереді. Сенің екің үшке түзетіледі.

- Қалай?- дейді Салика көзін сүртіп.

- **Былай, қазір Зәйкүл бес алып шығады. Содан соң...**

- Ия, содан соң?- деді Салика Жомартбекке ол бейне бір өлімнен құтылудың жолын айтатындай-ақ жалбырына қарап.

- **Содан соң Қанипа екеуі оқытушыға оңаша кіреді де, ортаға алады.** Қанипа: «Ағай, Саликаға үш қойып беріңізші,»- дейді көзін құбылтып. «Иә, сөйтсенізші ағай»- **дейді Зәйкүл емініп.** Екі қыз қиылып тұрған соң, ағай жібиді. Сөйтіп Гераклиттің айтқаны **болады да шығады** (Ә.Нұршайықов).

Талдай қарасақ, өзге субъектінің іс-әрекетін алдын-ала баяндау тәсілі келер шақтық формалармен ұштасып, тұтас құрылымның модальді реңкі бірнеше сөйлемнің ішкі қатынасынан айқындала түскен. Яғни, «болжау» реңкін келер шақтық етістіктер активтендірген.

Мәтін аясында шоғырлана қолданылып мағынасы мен құрылымы жағынан байланыста болатын сұраулы, лепті сөйлемдер субъектінің сенімсіздігін күшейтіп көрсету мақсатында қолданылады. «Бұл қыз мені неге шақырды? **Әлде мені жақсы көре ме екен? Үндемей жүріп ол да мені ішінен ұната ма екен, сүйе ме екен?** Әрине, солай болуға тиіс. **Сүймесе мені оңаша бөлмеге шақырар ма еді? Жалынғандай боп, қайта-қайта өтініп, өз қолымен әдірісін жазып берер ме еді? Әттең, шіркін! Меңтайдай әсем, ақылды қыз мені сүйіп, мәңгілік жарым болса, өмірде ешбір арманым болмас еді!**» (Ә.Нұршайықов).

Мәтіннің басқы бөлігіндегі сұраулы сөйлемдер субъектінің күдігін ажыратса, ортаңғы бөлігіндегі сұраулы сөйлемдер сенімді көзқарасын даралаған. Бірақ мәтіннің қорытынды бөлігіндегі лепті сөйлемдер тұтас құрылымды «армандау» реңкімен толықтырып, субъектінің сенімсіз көзқарасын дәлелдеген.

Мәтін аясында контекстік семантикаға бағынған мазмұндық - құрылымдық байланыста болатын жай сөйлемдер тізбегі болымды-болымсыз реңкте қатар қолданылса, сенімсіздік модальді реңкі қалыптасады.

Ендігі ойым алпыс екінші бөлмеге ауысып, жаңағы картина тұтастай көз алдыма оралды. **«Әттең, шіркін-ай, Меңтайдың ақ денесін құсыра құшып жатқан жазағыз қызыл көрпе қандай гажап!»**-деп ойлаймын ішімнен. **Мен сол қызыл көрпе болар ма едім. Әй, ол менің қолыма тимейтін кесек бақыт қой. Одан да сол көрпенің астары болсам да жарар еді-ау. Жоқ, ол да менің маңдайыма сыймас, ең жоқ дегенде сол көрпе астарының бір сабақ жібі болсам да жетер еді...**(Ә.Нұршайықов).

Бұл талдаулардан модальділік категориясының жасалуы семантикалық шеңберге сәйкес үнемі құбылып, жаңарып отыратындығын аңғардық. Модальділік категориясын контекстік семантикамен байланысты қарастырсақ, бір тұлғаның бірнеше реңк үстеуге қабілетті болатыны да көзге түседі. Контекстен тыс кейбір сөйлемдердің мағынасын, қызметін шектеп, үнемі бір қызметте қабылдау орын алар еді. Мәселен «рас» қыстырма сөзін үнемі құптау реңкімен шектеп, реңктің құбылуын шектей қараймыз. Ал контексте «рас» қыстырма сөзі контекстің басында «таңғалу» реңкін күшейтсе, қорытынды бөлікте қалыпты «құптау» модальді реңкін қалыптастырған.

Профессор сәл сұрланғандай түспен, кітапты үнсіз қолына алды да, жаныма отырды. Кітаптың сыртына көз жүгіртіп, жыртық мұқабаны қайта-қайта сипалап, ішін ашты.

- **Рас, біздің кітап,** -деді басын ықыластана изеп қойып. Содан соң бір-бірлеп, беттерін ақтарып қарай бастады. Бір кезде кітапты көтеріп бетіне тақады.

- Пәлі, өзінен дәрі иісі шығады, иіскендерші...

Әуеновтың қасына ең алдымен Зәйкүл жүгіріп барды. Ол кітапты ала сала, дұғалықтай етіп бетіне басты да:

- **Рас, мұңкіп тұр,- деді...** (Ә.Нұршайықов).

«Кім білсін» қыстырма сөздердің де екі түрлі модальді реңк үстеуін контекст арқылы саралаймыз. Бұл қолданыстардың модальді реңк үстеуі алдыңғы сөйлемдердің мағыналық байланысынан шешіледі, тиянақталады.

Жағалап, сыртқы көшедегі өз үйімнің желкесіне келдім. Басқа үйдің бәрінде сығырайған жарық бар. Тек біздің үйдің терезесі ғана тас

қараңғы. Кеше соғысқа өзім кеткенде, оты маздап, терезесі жарқырап тұрған үй еді. Менен бір ай кейін әкем соғысқа кетті. Әкем майданда қаза тапты. Әкемнің артынан ауылда шешем өлді. Жалғыз қарындасым ерге шығып, басқа елге кетті. Ендеше бұл үйде қайдан жарық болсын. Бұл иесіз үйдің күтіп отырған жалғыз жарығы менмін ғой. ***Соғыстан аман оралып, әке ошағының отын маздаттып, әке терезесінен жарық жарқырата аламын ба, кім білсін?*** (Ә.Нұршайықов). Контекстегі барлық сөйлемдердің мазмұнымен байланыстыра талдасақ, модальді реңк соңғы сөйлемде орын алған. Дегенмен, ондағы модальді реңктің нақтылануы алдыңғы сөйлем мазмұнымен байланыста сипатталады.

Мұндағы «кім білсін» қыстырмасының үстеген модальді реңкі - күдік, сенімсіздік. Енді дәл осы қыстырма сөздің төмендегі контекстегі қызметін салыстырайық. Бұған дейін Ментай аузынан мұндай қатал сөз шыққанын естіген емес едім. Ол жолдастарының кемшілігін кешіре біліп, ешкімнің көңілі қаларлық сөз айтпайтын еді. ***Сол сабырлы әдетін бүгін бірінші рет бұзғанына қысылды ма, кім білсін***, Зайкүлдің сөзін естіп болғаннан кейін құлағының ұшына дейін қызарып, төмен қарады (Ә.Нұршайықов).

Бұл үзіндіде «кім білсін» қыстырмасы болжау реңкін күшейткен. Бұндай ерекшелікті зерттеуші Е.Жанпейісов те аңғарып, кейбір сөздердің модальді реңкі бірден көзге түссе, кейбір лексика-грамматикалық амалдардың бұл қызметі сөйлем аясында, сөйлем аралық байланысты салыстырудан аңғарылатынын орынды көрсеткен (3, 18).

Модальділік категориясының күрделілігі, модальді реңктердің белгілі бір контексте сөйлем аралық байланыстан айқындалатыны және модальді реңкті жасауға тірек болатын грамматикалық бірліктердің құбылмалы қызметі бұл заңдылықтың семантикалық категория екендігін тағы бір дәлелдейді. Контекстің модальді реңкін дәл айқындау үшін, сөйлемдердің құрылысына, мағыналық байланысына ерекше назар аудару шарт.

Контекстік семантика тарау аралық құрылымдық байланыстағы сөйлемдердің де жұмсалып мақсатын, айтылу ырғағын реттеп тұрады. Мұндай жағдайда интонация компоненттері – дауыс ырғағы, кідіріс - қозғалысқа түсіп, алдыңғы тараудағы сөйлемдердің мазмұнымен іліктестіре, ішкі байланысты реттейді. Төмендегі үзіндіде Дүрия жүрегіндегі қорқыныспен жалғаса сипатталған күдіктену реңкі интонация бірліктерінің қызметімен дараланады, ал сөйлем интонациясының құрылымы, сөйлемде қалыптасқан модальді реңктің сипаты алдыңғы тарауларда қамтылған сөйлемдердің (Дүрия мен Ермек арасындағы оқиға ізімен) мазмұнымен астарласа қалыптасады. Дүрияның ойындағы күдігі соңғы қорытынды бөліктегі сөйлемдерді қажетті интонациялық айырыммен айтқанда дараланады. Мысалы: Жігіттер кіріп барғанда, екі қолын жүрегіне басып, оң жақта сөйлеп

тұрған Дүрия шошынғандай «аһ» деп терең тыныс тартты да, тәлтіректеп барып, жүкке сүйеніп қалды. Онсыз да жүдеу жүзінде бір тамшы қан қалмай, шөлмектей болып ағарып кеткен.

- Не болды, Дүрия?

- Неден қорықтың?- десіп, Естай мен Жолбарыс ұмтылып барып, екі қолтығынан сүйей берген-ді. Дүрия сол орнында көзін тарс жұмған күйі қолымен маңдайын ұстап сәл тұрды да, аздан соң есін жиғандай, жігіттерге бір түрлі тандана, күлімсірей қарады.

- Ештеме емес, қазір-ақ өтіп кетеді,- деді баяу тіл қатып.

- Неге олай? Біз келгенде, шынында да, бірденеден шошыдың ғой, не болды?- деді Естай төр алдына жайғасып жатып.

Дүрия айтсам ба, айтпасам ба дегендей төмен қарап сәл бөгелді де, басын көтеріп жауап берді.

- Менің ауруым қазір көзге көрініп жүретін екі аяқты адам бейнесіне көшті ғой... Жаңа далаға шыққанда, алыстан сақшы формасын киген Жолбарысты біреуге ұқсатып... Сол адам соңымнан қалмай осында тағы келе жатыр екен деп, жүрегім қозғалып кеткені... (Қ.Жұмаділов).

Мұндағы грамматикалық амалдар субъектінің ішкі күдігін, өз-өзіне сенімсіздігін көрсеткен. Оның себебін Естай мен Дүрия өміріндегі, жүрегіндегі мұңды, өкінішті сәттерден іздейміз (шығарманың басқы тарауларында суреттелген Естай мен Дүрия өміріндегі сәт). Яғни, тұтас шығарма мазмұнымен байланыстыра қарағанда ғана, осы үзіндідегі соңғы сөйлемнің модальді реңкі айқындалады.

Демек, модальділік - тұтас шығарманың, ондағы оқиғалардың ішкі байланысынан талданатын күрделі семантикалық категория.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Королева Т.М. Интонация модальности в звучащей речи. Киев: Выща школа, 1989. 146 с.
2. Ибрагимова С.И. Модальность в условных комплексах французского и азербайджанского языков. Баку, 1974. 30 с. Автореферат.
3. Жанпенсов Е. Модальные слова в современном казахском языке. Алма-Ата, 1958. 18 с.

В статье рассматривается взаимосвязь контекста и модальности, а также влияние контекста на модальный оттенок.

Context semantic and modal features of grammar methods are investigated in this article. Context semantic is situatable for modal features which are originated, methods in functions constantly are renovated activated and proved in these examples.